




БАС ПЕН МОЙЫН БҰЛШЫҚЕТТЕРІ

Орындаған: Тәжіғалиева Әлия және Кенжебаева Әз-Дана



Бұлшықеттер жіктеледі :

- Пішіні
 - Денеде орналасуы
 - Талшықтар бағыты
 - Атқаратын қызметі
 - Буынға бекінуі
- 




Бұлшықеттің негізгі топтары :

1. Бас пен мойын бұлшықеттері
2. Тұлға бұлшықеті
3. Арқа бұлшықеті
4. Көкірек бұлшықеті
5. Қол және аяқ бұлшықеті

Бас бұлшықеті

Шайнау бұлшықеті
Төменгі жақ сүйекке
бекінген.
Бұлшықеттер
жиырылғанда төменгі
жақ сүйек қозғалысқа
келіп, тамақты
шайнауға, сөйлеуге
қатысады.

Ымдау бұлшықеті
Бұлшықеттерінің бір
шеті сүйектерге,
екінші шеті терінің
астынға жағына
бекінген. Ыммен
адам қуануды,
ренжуді, ашуды
білдіреді.



Мойын бұлшықеттері

Жалпы мойын бұлшық еттерін екі бүйір, алдыңғы және артқы топтарға бөлінеді. Артқы тобы арқа еттерінің жалғасы болып саналады. Мойын бұлшық еттері орналасуына байланысты беткей және терең еттер болып бөлінеді. Беткей еттеріне а) төс-бұғана-емізікше еті жатады, ол төс және бұғанадан басталып самай сүйегінің емізікше өсіндісіне бекиді; б) тері асты-адамда қалдық ет болып саналады, сүт қоректілерде жақсы жетілген. Ол үлкен көкірек еттерінің жоғарғы жағынан басталып, жақтың төменгі жерінен бекиді; в) жақ-тіл асты еті-ауыз қуысының түбін түзеді. Төменгі жақ сүйектен басталып, тіл асты сүйегіне бекиді. Беткей еттеріне иек-тіл асты без-тіл асты т.б. еттер жатады. Терең еттер мойын омыртқаның алдыңғы және бүйір жағында орналасқан. Бүйір еттерге алдыңғы ортанғы және артқы сатылы еттер жатады, олар 3-4 мойын омыртқалардың көлденең өсіндісінен басталып, 1-2 қабырғаларға бекиді. Мойынның алдыңғы терең еттеріне бастың және мойынның тік еттері мен ұзын бұлшық еттері жатады, олар шүйде сүйегінен басталып, көкірек омыртқаларының көлденең өсінділеріне бекиді.